

ШӘКӘРІМ ФИЛОСОФИЯСЫ: ЖАН МЕН ТӘН МӘСЕЛЕСІ

Ақатай Гүлжанат Махамбетқызы gulzhanat_06@icloud.com «Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі» білім бағдарламасының 2-курс студенті Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы Ғылыми жетекшісі: философия ғылымдарының докторы, профессор – Бекежан.Ө.К.

Философия – адамзат тарихындағы ең көне әрі маңызды ғылымдардың бірі. Ол адам болмысының мәнін, өмір сүру мақсатын, ақиқат пен таным шегін зерттейді. Философиялық ой әр дәуірде, әр халықта өзіндік ерекшеліктермен дамып, белгілі бір құндылықтарды қалыптастырған. Қазақ философиясы да осы үдерістен тыс қалған жоқ, оның ірі өкілдерінің бірі – Шәкәрім Құдайбердіұлы. Ол өз еңбектерінде адамзаттың мәнін ашуға ұмтылып, ар-ұждан, жанның мәңгілігі және тәннің өткіншілігі туралы терең ой қозғаған. Шәкәрімнің көзқарастарының түпкі мәнін түсіну үшін оның философиясындағы басты үш ұғым – адам, жан және тән мәселелерін зерттеу қажет. Оның пікірінше, жан – мәңгілік, ал тән – өткінші. Бұл идеялар тек діни-мистикалық таным тұрғысынан емес, этикалық және экзистенциалдық тұрғыдан да ерекше маңызға ие. Шәкәрімнің философиясы бүгінгі қоғам үшін де өзектілігін жоғалтқан жоқ, өйткені адам әлі күнге дейін өз болмысын тануға, рухани кемелденуге ұмтылуда. Бұл мақалада Шәкәрімнің жан мен тән туралы іліміне талдау жасап, оның адамгершілік және рухани даму мәселелеріне қатысты ойларын қарастырамыз. Сонымен қатар, бұл идеялардың қазіргі заманмен байланысын, олардың философиялық және ғылыми тұрғыдан қаншалықты маңызды екенін айтқымыз келеді. «Тәрбиенің кілті даналық» - деп есептеген халқымыз табиғатпен үйлесім тауып, әрдайым ар-намысты, ұжданды бірінші орынға қойған. Осы ар, намыс, ұждан мәселелерін көтерген нағыз философ – Шәкәрім Құдайбердіұлы болатын. Әкесінен жетім қалып, қазақтың бас ақыны, ойшылы Абайдың тәрбиесінде болған Шәкәрім жастайынан зерек болды. Ойшылдың қаламынан шыққан «Үш анық» еңбегі қазақ философиясының биік шыңы. Шәкәрім философиясындағы жан мен тән мәселесі маңызды мәселелердің бірі де бірегейі. Шәкәрім философиясындағы осы тақырыпты үш негізгі бағытта қарасақ деймін. Біріншіден, жанның мәңгілігі мен оның табиғаты мәселесі. Шәкәрім философиясындағы негізгі ұғымдардың бірі – жан. Ол жанды мәңгілік әрі өзгермейтін субстанция ретінде қарастырады. Оның ойынша, жан – адамның нағыз болмысы, ал тән – тек жанның уақытша тұрағы ғана.. Бұл идея оның мына сөздерінен айқын көрінеді: «Жан – мәңгі, тән – уақытша». Ол өзінің «Үш анық» еңбегінде жан туралы түсінігін кеңінен ашып, оның мәңгілік екеніне дәлелдер келтіреді. Оның пайымдауынша, адамның шынайы болмысы тәнмен шектелмейді, керісінше, жан – адам өмірінің басты мәні. Шәкәрім жанның табиғаты туралы айта отырып, оның бар болуын және үздіксіз жалғасуын логикалық тұрғыдан дәлелдеуге тырысты. Ол былай дейді: Бұл жан басынан бар, Ойла, тексер, ақылмен[1.78]. Яғни, жан жоқтан пайда болмайды және ол ешқашан жоғалмайды. Бұл идея суфизмдегі және буддизмдегі реинкарнация концепциясымен үндеседі, бірақ Шәкәрім оны ислам философиясы тұрғысынан қарастырады. Оның пікірінше, адам жаны бұл өмірден кейін де өз жалғасын табады, бірақ ол тәннің шектеуінен босайды. 78 Қазіргі ғылым тұрғысынан да бұл идеялар қызықты. Психология мен неврология сананың материядан тыс болуы мүмкін екенін зерттеуде. Кейбір кванттық физика ғалымдары сана мен жанның материядан бөлек болуын жоққа шығармайды. Осы тұрғыдан қарасақ, Шәкәрімнің жан туралы тұжырымдары бүгінгі ғылыми ізденістермен де үндеседі. Жан – адам тәніне, денесіне тіршілік беріп тұратын күш. Жан Шәкәрімнің көркем философиясында үлкен орын алатын негізгі ұғымдардың бірі. Жан әрқашан тәнмен үйлесімде, гармонияда болады. Шәкәрім «Үш анық» еңбегінде жанның қызметін былайша

анықтайды. Жан деген не, Мүлде өле ме, Семіп о да сөне ме? Жоғары өрлеп, Дене жөн деп, Жанныңмын деп келе ме? [1.87]. Бұл үзіндіде ойшыл жанның не екендігін, жанның мәңгілік немесе өткінші екендігін ой елегінен өткізеді. Жан денемен бірге жасай ма, әлде тәннен бөлініп мәңгі өмір сүре ме? Бұл мәселелерді бір шумақ өлеңге сыйдыру тек Шәкәрімнің қолынан келген шығар. Әр сөзі ғылым, әр тармағы үлкен мәселе. «Жан миға біткен бір сипат бөлінетін нәрсе емес» -дейді ғұлама ақын. Мұны тек жанды білмеген, сезінбеген айта алады. Мұндағы мән қандай? Жанды тек тәнге тіршілік беретін дүние ретінде қарамауымыз керек. Тән өлген соң жан бөгде жанды денеге кіре ме? Бұл мәселелерді қарастыруда Шәкәрім асқан шеберлік танытты. Осы тұста жан мен тән айқасы туралы ой келеді. Кім басты? Қайсысы адам бойын билейді? Бұл сұраққа ақын еңбегінен жауап табамыз. Жанды билей ме екен дене, Болса бір сипат тәннен шыққан билер жан неге? Жан өсіріп тұр тәннің баршасын, Тән жан жаратты деме.[1.83]. Үзіндіде жанның тәнге қожа екенін, жан тәнді билейтінін анық жеткізген. Жаратылыс пен даму – жанның ісі. Жанды жоқ дейтіндерді қатал сынаған ойшыл адам бойындағы рухани құндылықты көрсетіп, әркім өз шындығын іздеу керектігін көрсетеді. Заман өзгерісінде дүниеге бет қойған тәндерді жансыз деуге келе ме? Жан тәнге ие болып, оны билейді. Жоқты бар қылған да жан, жоқтықты жойып көр қылған да жан. Жан жоқ дегендерді «адасқан», «шатақ діншіл» дей келе, тән сезіміне нанбау керектігін айтады. Ерік пен талапты, ой мен ойлауды берген «Жан» атаулы нәрсе деген пікір айтады Шәкәрім. Адам жаны туылғанда жас баладай болады, оны біліммен, құндылықпен, қасиетпен толықтырғанда ғана ол көркейе түседі. Шәкәрім Құдайбердіұлы жанның әр түрге түсетінін, жанның түрлі қасиеттері болатынын көрсеткен болатын. Мысал ретінде ол «эсткия – сезімтал, аңғарғыш жан, мослмудиеритулм – ақылды жан сияқты түрлері бар» дейді. Философ өзге философтардың «жан» туралы айтқан мәліметтерін жинап, бір негізге келтірді. Әрі өз түсінігіндегі осы мәселені анық, айқын түрде талдаған. Жанның мәңгілік болуы қазақ философиясында, мәдениетінде, дүниетанымынды үлкен орын алатын тақырып. Өмірдің мәні – жанның мәңгілігі. Адам жаны Нұрға қосылғанда өткінші өмірден жанның мәңгілігіне көшеді. Жан – дененің тіршілігіне ие болатыны туралы көп ойшылдар айтып кеткен. Ол өзінің «Үш анық» еңбегін жазу себептерінің біріне өлгеннен кейін жан жоғала ма, әлде ол мәңгілік пе деген себепті береді. Жанды жоқ деушілерге дәлелін келтіріп, ойын жеткізді. Бұл еңбекті оқыған адам түйген түйіні болар. Жан ісі онан бір бөлек, Еркімен ойлап түрлемек, Жан қожа тәнге, тән құлы. 79 Еріксіз айдап жүр демек, Тән істер жанның жарлығын[1.67]. Адамның шынайы болмысы – жаны, ал тән – соның құралы. Тәннің барлық іс-әрекеті жаннан туындайды. Бұл адамның жан дүниесінің маңызын, руханияттың биіктігін көрсететін философиялық түйін. Жан арқылы тәнге тіршілік бітіп, ақылмен толығады. Жан пен тәннің байланысы тылсым күш. Екеуі біреуінсіз жасауы мүмкін, алайда ол толық дүние еместей көрініс береді. Екіншіден, тән және оның өткіншілігі туралы ілімі. Шәкәрімнің философиясында тән – уақытша және өткінші дүние. Ол жан мен тәнді қарама-қарсы қоймайды, бірақ тәннің жанды басқармауы тиіс екенін баса айтады. Оның айтуынша, егер тән адамның өміріндегі басты орынға шықса, адам өз болмысын жоғалтады. Ол бұл туралы былай дейді: «Жан билемей, тән билеп, ақылдың соры қайнады». Яғни, адам тек тән қажеттіліктерін қанағаттандырумен шектелсе, рухани құлдырауға ұшырайды. Бүгінгі қоғамда бұл ой ерекше өзекті. Материализм мен тұтынушылық мәдениет адамның рухани дамуынан гөрі тән қажеттіліктеріне көбірек мән беруіне әкеліп соқты. Көптеген адамдар өмірдің мәнін сыртқы байлықтан, дене ләззатынан іздейді, бірақ ішкі жан дүниесіне мән бермейді. Бұл қазіргі адамзаттың басты мәселелерінің бірі болып отыр. Батыстық психология мен философияда да осыған ұқсас ойлар кездеседі. Мысалы, «mind-body connection» теориясы адамның физикалық және рухани денсаулығының өзара байланысты екенін дәлелдеп, көптеген нәтижелі жаттығулар түрін

шығарып отыр. Бұл тұрғыдан алғанда, Шәкәрімнің «Жан мен тәннің үйлесімділігі – адамның кемелденуінің басты шарты» деген ойы бүгінгі күннің өзінде маңыздылығын жоғалтпаған. Тәніміз, денеміз әр нәрсені танып біледі, сезеді. Тән сезімі «Үш анық» еңбегінде бөлек бір бөлім ретінде қарастырылған. Жан мен тән — бір нәрсе емес, бірақ екеуі тығыз байланыста. Жанда болып жатқанның бәрі адамның сыртқы келбетіне, яғни тәніне әсер етеді. Егер жан мен тән бірлік тапса, олар бір-біріне күшті ықпал етеді. Ал жан күйі күрт өзгеріске ұшыраса немесе қатты. Шәкәрім Құдайбердіұлы тәннің өткіншілігі мен жанның мәңгілігі туралы көп толғанған. Ол адамның тәні уақытша, ол тозып, ақыры бір күні жоқ болады, ал жан өлмейді, мәңгілік өмір сүреді деген ой айтады. Ойшыл тәннің өткіншілігін, ал жанның шынайы мәнге ие екенін көрсетеді. Шәкәрім тәнді материалдық, уақытша құбылыс ретінде қарастырып, оның өлетінін, ал жанның жоғалмайтынын айтады. Шәкәрімше, адам тек тәнінің қалауын орындап өмір сүрсе, ол шынайы болмысын таппайды. Ал рухани ізденіспен, жан тазалығымен өмір сүрсе, мәңгілік шындыққа жақындайды. Оның «Үш анық» еңбегінде де осы мәселе қозғалады. Шәкәрім тәнді өткінші, ал жанды мәңгілік деп қарастырып, материалистік көзқарастарға сын айтады. Гуманрстік қайшылығы көп ортада өмір сүрген Шәкәрім Құдайбердіұлы өз танымындағы тән мен жанды ажырата көрсеткен. Қозғаған қуат – жан дейміз, Жан өсті жаннан сан дейміз. Сол жандар әсер берген соң, Жаралды сансыз тән дейміз, Жанына қарай тән болар[1.65]. Бұл шумақта жан мен тәннің арақатынасы терең философиялық тұрғыда сипатталады. Ақын жанды барлық тіршіліктің бастау көзі, қозғаушы қуат ретінде қарастырады. Оның пікірінше, жан біртіндеп дамып, көбейіп, өз әсерімен сансыз тәндердің жаралуына себеп болады. Яғни, тән – жанның әсерінен пайда болған екінші құбылыс. «Жанына қарай тән болар» деген жолы арқылы Шәкәрім адамның тәндік болмысы мен мінезі, іс-әрекеті оның ішкі жан дүниесіне тікелей байланысты екенін меңзейді. 80 Бұл ой Шәкәрімнің рухани-философиялық дүниетанымына сай келеді және қазіргі ғылыммен де үндес. Мысалы, психологияда адамның ішкі күйі мен жан дүниесі оның денсаулығы мен сыртқы мінезіне әсер ететіні белгілі. Демек, Шәкәрім жанды – мәңгілік, алғашқы; ал тәнді – уақытша, жанға тәуелді деп түсіндіреді. Осылайша, ол адамның нағыз болмысы тәнінде емес, жанында екенін дәлелдейді. Айкезбелік, тәннің жансыз жұмыс жасауы: Шәкәрім сана және оның физикалық сезімдерден тәуелсіздігі тақырыбын қозғайды. Ол адам кейде өзінің кінәсін немесе шындығын сезім мүшелерінің қатысуынсыз түсінетінін, сонымен қатар мүмкін емес болып көрінетін әрекеттерді де жасай алатынын айтады. Бұл ойлар лунатизм (айкезбелік), гипноз, немесе ішкі түйсік арқылы тану сияқты құбылыстарға меңзейді. Яғни, адам кей жағдайда бейсаналық түрде әрекет етіп, өз еркінен тыс іс жасай алады. Шәкәрім өзінің «Үш анық» атты философиялық еңбегінде жан мен тәннің арақатынасын терең зерттеп, жанның тәннен тәуелсіз өмір сүре алатынын, кей кезде адам сезім мүшелерінсіз ақ ақиқатты тани алатынын алға тартады. Сондықтан бұл үзінді адам болмысының көзге көрінбейтін, рухани-терең қабаттарын танытатын құбылыстар жайлы философиялық пайым деуге болады. Үшінші бағыт - Ар-ұждан және адамгершілік туралы тұжырымы. Шәкәрімнің философиясында адамгершілік пен ар-ұждан басты орын алады. Ол адамды ар-ұжданы арқылы тануға шақырады. «Адамшылық ар мен адал еңбек іздейтін – жан мақсұты» деген сөзі осыған дәлел. Яғни, адамның нағыз мақсаты – тән қажеттіліктерін қанағаттандыру емес, жанның кемелденуіне қызмет ету. Қазіргі қоғамда бұл қағида ерекше маңызға ие. Технология дамып, өмір сүру деңгейі жақсарғанымен, адамдар рухани дағдарысты бастан кешіруде. Ар-ұждан мен адамгершілік қағидаларын ұстану – осы дағдарыстан шығудың бірден-бір жолы. Шәкәрімнің осы ойы біз үшін маңызды бағдар бола алады. «Ұждан жанның тілегі, негативі, жоғалмайтын нәрсе»-дей отыра философ оның маңызы мен қажеттігін баяндайды. Ұждан нысап, әділет, мейірім үшеуінің қосындысы. Адамның ең асыл қасиетіне – ақ пейілділік. Кімнің бойында осы бір

төрт қасиет табылса шын адам сол. Ш.Құдабердіұлы шығармаларында ар мен ұждан, адамгершілік мәселелері көптеп қозғалады. Адамдық жан мен тәнді ажыратудан, қажеттілігін түсінуден басталады. «Жан адамзаттың бәрінде болғанымен, барлығы арлы, ұжданды емес. «жанының неге ұмтылатынын, ұжданды тілейтінін кейбіреу надандықтан біле бермейді» - дейді ойшыл. Кей адамдар тек материалдық дүниемен шектеліп, жанның асқақ мұраттарын — ар ұжданды, рухани тазаруды, шындықты іздеуді түсінбейді. Бұл — олардың надандығының, рухани мешеулігінің белгісі. Яғни, ойшыл адамның нағыз адам болмысы — оның жаны мен ұжданы арқылы айқындалатынын ескертіп отыр. Рухани биіктікке ұмтылу — жанның табиғи талабы, ал оны байқамау — надандық. Жанның жоғарылап, рухани биік болуы үшін ұжданға сай өмір сүруі қажет. «Ұждан – екі өмірге бірдей керек таяныш. Бұған нана алмаған адамның жүрегін ешбір ғылым, өнер, ешбір заң, жол тазарта алмайды» деген тұжырым жасайды ойшыл [2.65]. Ұждансыз нәрсе текке кеткен нәрсе. Онсыз еш нәрсе мәнді, мағыналы болмайды. Шәкәрім шығармаларында ар тазалығы, имандылық және адамгершілік мәселелері жиі көтеріледі. Ол адамның кемелдікке жетуі үшін адал еңбек етуі, арлы ақыл-ой мен шынайы жүрекке ие болуы қажет деп есептейді. Оның ойынша, мейірімділік, қайырымдылық, ұстамдылық, саналылық, адалдық, төзімділік пен әділеттілік – әрбір адам бойынан табылуы тиіс қасиеттер. Шәкәрімнің көзқарасы бойынша, адамгершілік кемелдену білім мен ғылыммен тығыз байланысты. Нағыз игілікке жетудің жолы – ғылымды меңгеру және соның негізінде өзінді дамыту. 81 «Шәкәрім» энциклопедиясында А.Тоқсамбаева: «Ар - адамгершілік сана, этика философиялық категория. Адамгершілік (адамшылық, адамдық) қазақ халқында адам бойындағы жақсы қасиеттердің жиынтық мағынасын білдіретін ұғым-өлшем болса, Ар оның шығу тегі, бұлақ бастауы. Арды адам бойындағы жақсы қасиеттердің өлшемі, адамгершілік санасы деуге негіз бар», - деген пікір береді[3.65]. Бұл пікірде ар ұғымының терең философиялық мәні ашып көрсетілген. Оның пікірінше, ар — адамгершілік сана, этика философиялық категория. Қазақ халқы үшін адамгершілік, яғни адамшылық немесе адамдық — адам бойындағы жақсы қасиеттердің жиынтығын білдіретін ұғым болса, ал ар — сол қасиеттердің шығу тегі, қайнар көзі. Сондықтан арды адамның ішкі моральдық өлшемі, жақсы мен жаманды айыратын рухани таразысы деп түсінуге болады. Ар – тек сыртқы тәртіп не әдет емес, ол адамның жан дүниесіне терең тамыр жайған рухани сана. Осы тұрғыдан қарағанда, ар – адамгершіліктің іргетасы, оның бастау бұлағы. Шәкәрім Құдайбердіұлының философиялық көзқарастары – адам болмысы, жан мен тәннің мәні, ар-ұждан мен адамгершілік туралы терең ойлардың жиынтығы. Ол жанның мәңгілігін алға тарта отырып, адам өмірінің басты мақсаты тәннің қажеттіліктерін өтеу емес, рухани кемелденуге ұмтылу екенін көрсетті. Бұл ойлар бүгінде де өзектілігін жойған жоқ, керісінше, уақыт өткен сайын тереңдей түсуде. Қазіргі заман – технология мен материалдық өркендеудің дәуірі. Бірақ осындай уақытта адамның ішкі дүниесі, ар-ұждан тазалығы, рухани тепе-теңдік мәселесі бұрынғыдан да өткір бола түсті. Шәкәрім бізге тәннің ғана емес, жанның да тәрбиесін ұмытпауды ескертеді. Өйткені адам рухани биіктеген сайын, оның өмірінің мәні айқындала түседі. Шәкәрімнің еңбектері – тек өткеннің мұрасы емес, келешекке жол сілтер рухани компас. Оның ойларын ұғыну – өз болмысымызды тану, жан мен тәннің үйлесімін табу деген сөз. Бұл философия – адамзатқа берілген терең өсиет. Егер біз осы ілімнің мәнін түсініп, өмірімізде қолдана алсақ, шынайы кемелдікке жетеріміз сөзсіз. Қорыта айтқанда, Шәкәрімнің философиясында жан мен тәннің, ар мен ұжданның орны ерекше. Ол адамды тек дене мен материалдық қажеттіліктерден тұратын тіршілік иесі деп қарастырмайды. Керісінше, адамның нағыз болмысы – оның жанында, ар-ұжданында жатыр дейді. Шәкәрім үшін кәміл адам болу — ақыл, жүрек, және ар ұштасқан тұтастық. Ол жанның мәңгілігіне сеніп, адамның бұл дүниедегі мақсаты — ар мен ұжданды

жолбасшы етіп, рухани жетілу деп санайды. Бұл жерде оның ойлары ұлы Абайдың философиялық көзқарасымен ұштасып, олардың арасындағы рухани сабақтастықты паш етеді деп санаймыз. Бұл ойлар қазіргі заманда да өзектілігін жоғалтпайды. Өйткені адам болу – мәңгілік құндылық. Қолданылған әдебиеттер тізімі: 1. Құдайбердиев Ш. Өлеңдер мен поэмалары. – Алматы: «Жалын», 1988. – 207 б. 2. Құдайбердіұлы Ш. Үш анық /ҚазССР Ғылым акад., М. О. Әуезов атын. әдебиет және өнер ин-ты; Жауапты ред. А. Сейдімбеков - Алматы: Қазақстан: “Ғақлия ғыл.-әдеби орталығы, 1991 - 80 бет. 3. Шәкәрім: Энциклопедия / Бас ред. Е.Б. Сыдықов. – Семей: «Алаш – таным», 2019. – 864 б. 4. Мәдібаева Қ., Дерин Ф., Бектұрғанова Г.З., Солтанәева Е., Розиева Д. Шәкәрімнің әдеби мұрасын зерттеу мен оқыту мәселелері: оқу құралы (қазақ, ағылшын тілінде). – Алматы: ЖШС «Lantar books», 2023. – 139 б. 5. Абдрасилова, Г.Шәкәрім философиясы [Электрондық ресурс] : оқу құралы / Г. Абдрасилова. - Алматы : Қазақ университеті, 2019. - 130 б. - Б. ц.